



Ешкімде іштей батыр болып тумайды,
Батырлық та мінез секілді өскен орта,
көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ

«Мемлекеттік рәміздер – бұл біздің мемлекетіміздің, біздің егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді».

Нұрсұлтан Назарбаев

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік гимн мемлекеттік рәміздер болып табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ

Мемлекеттік үш нышанды таңдау үшін 1992 жылдың басында Жоғарғы Кеңес президиумы жұмыс тобын құрып, арнайы шығармашылық комиссия тағайындады. Оның құрамына Салық Зиманов, Ербол Шәймерденов, Серікболсын Әбділдин, Серік Әбдрахманов сынды қайраткерлер кірді. Осыдан кейін бүкіл Қазақстан көлемінде Елтаңба, Ту, Әнұран нұсқаларына конкурс жарияланды. Бір ғана тудың өзіне 600 адамнан 1 200 нұсқа түссе, Елтаңбаның 245 жобасы, әнұранның 750 үлгісі байқауға қатысты.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ



Тудың авторы – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері **Шәкен Ниязбеков** (12 қазан 1938-16 тамыз 2014 ж.).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторлары – белгілі сәулетшілер **Жандарбек Мәлібеков** (24 наурыз 1942 ж.) пен **Шот-Аман Уәлиханов** (26 сәуір 1932 ж.).



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ТУРАЛЫ

2006 жылы «**Менің Қазақстаным**» әні ретінде танымал болған Қазақстанның гимні Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен 2006 жылы 6 қаңтарда еліміздің Парламентінде бекітілді.

Бірінші рет ол 2006 жылы 11 қаңтарда Тұңғыш Президент, Елбасының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Әннің авторы **Шәмші Қалдаяқов**, сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжімеденов**, **Нұрсұлтан Назарбаев**.



Шәмші Қалдаяқов
15 тамыз 1930-29 ақпан 1992 ж.),



Жүмекен Нәжімеденов
28 қараша 1935-22 қараша 1938 ж.)



Нұрсұлтан Назарбаев
6 шілде 1940 ж.

Кез-келген тұлға міндеті - еліне, халқына адал қызмет ету.

Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы

Әл-Фараби

Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз.

Мұхтар Әуезов

Ата-аналар баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қарағанда анағұрлым күрделі талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн.

М. Жұмабаев

Адамның тәрбиесі адамгершілік қасиеттердің үйлесімінде, руханилығында, ұстамдылық қабілетінде, жауапкершілікте, Отан алдындағы борыш сезімін қалыптастыруында жатыр. Бұл қасиеттер адамдармен қарым-қатынаста, жұмыста, мінез-құлық мәдениетінде көрінеді.

Адамгершілік дегеніміз не?

Адамгершілік дегеніміз — қоғамның, өмірдің объективтік заңдылықтарына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуге негіз болып табылатын, талапқа сай белгілі бір гуманистік принциптерді біріктіретін жалпы адамзаттық ұғым.

Адамгершілік қоғамдық сананың басты белгілері болғандықтан, **адамның мінез құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасы, арқылы сипатталады** (*әдептілік, мейрімділік, қайырымдылық* т.б.)

Адамгершілік тәрбиесі – белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез құлық дағдылары мен әдептерді қалыптастырумен және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуда, жалпы адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас мәдениетті рухани қоғамдастықтың нәтижесі. Толып жатқан түсінбеушіліктің, түрлі қайшылықтарының болуы, дұрыс қарым-қатынас жасай алмауынан.

Адамгершіліктің өрісі кең, бұл қасиет әр адамның еңбекке, қоғам өмірінде, тұрмыста, көпшілік орында өзін ұстауынан, басқалармен қарым-қатынасынан, жүріс-тұрыс, іс-қимылынан байқалады. Адамгершілігі мол адам бағытты, ел-жұртына қадірлі, қоғамға да пайда келтіреді, яғни маңындағыларға үлгі-өнеге бола алады.

Мәселен, халқымыз қайырымды, бойындағы бар қасиетін халыққа жақсылық жасауға арнаған адамды

«Ел қамын жеген ер»,

«Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей»,

«Жақсы туса – ел ырысы, жаңбыр жауса – жер ырысы»,

«Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші» деген мақал-мәтелдер арқылы жұрт қамын ойлайтын абзал азаматтың портретін алға тартады.

Халық адамгершілік қасиеттің жоғары түрі – **ар-ұят, намыс, ождан сақтау** деп біледі, **«Жаным-арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті», «Ақылың болса – арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы»** іспеттес мақал-мәтелдер соның айғағы.

Бауыржан Момышұлы: “Ұлыма айтарым...”

- Ердің екі сөйлегені – өлгені. Уәде бермеуге тырыс. Әйтпесе, сөзінде тұр.
- Қысқа, нұсқа сөйле. Дауысың анық болсын.
- Көп тыңда. Аз сөйле. Сөзіңнің артынан ісіңмен үлгеруге жаныңды сал.
- Өсек айтылатын жерде болма. Кездейсоқ болған жағдайда қосылма. Кесіп тастауға тырыс.
- Таспен атқанды аспен ат – жеңесің! Содан кейін алшақ жүр.
- Ренжітпе! Жүйелі қарғыс иесін табады.
- Ешқашан мақтанба! Жұрт мақтасын.
- Өзіңді сыйла. Өзгелер сыйласын.
- Күнде өзіңе есеп бер. Өзіңді тәрбиелей бер.
- Құмар ойын – әлсіздің әлегі. Мықтының рухы биік, денесі шымыр.

Бауыржан Момышұлы: “Ұлыма айтарым...”

- Үйретері мол мықтылардан ұстаздарың болсын. Бірақ, ешкімді пір тұтпа.
- Сыйлағанның құлы бол. Кішірею төмендеу емес.
- Ең алдымен өзіңе өзіңнің көңілің толатындай өмір сүр.
- Саяхатта. Дүниетанымыңның аясы кеңейеді.
- Қайтарымынан үмітті болсаң, жақсылық жасама.
- Жүйкең әлі талай қажет болады. Болмашыға тоздырма. Шешуші сәттерге бапта.
- Бойжеткеннің көңілін оңай жаулағап, онымен болғаныңа шаттанып, сөз қылма. Ерлік емес!
- Уайымға салынудан алшақ бол. Арба да сынбайтын, өгіз де өлмейтін шешім қабылда. Тез шешім қабылда. Тәуекел түбі жел қайық жүзесің де өтесің. Уайым түбі тұңғыық батасың да кетесің.
- Уәзірі мықтының тірлігі жеңіл. Мықтысын таңда!

Бауыржан Момышұлы: “Ұлыма айтарым...”

- Сырыңды ешкімге алдыртпа! Екі елі ауызыңа сыймаған сөз өзгенің отыз екі тісінің арасына тіптен сыймайды.
- Мүмкін нәтижелерін елестетіп көр. Нәтижесі ұнамаса, келіспе.
- Өкпелеме. Өш алма. Санасына бер. Аллаға тапсыр!
- Қыран құстай қырағы бол. Өзгелерді өзіндей көрме.
- Пенденің пендеден айырмашылығы адамгершілігі мен білімінде. Таны, оқы!
- Өнер үйрен. Мамандығыңда мықтысы бол.
- Жер қозғалмаса қозғалмайтын сабырлы зіл бол.
- Өміріңнің сапасына тек сен жауаптысың
- Жалғыз апаңа (әпкеңе) қорған бол. Тұрмыста болса да, өз күйеуі – қорғаны бар деме. Сенің орның тым бөлек.
- Үйленуге асықпа. Жар таңдаудан жаңылма.

Бауыржан Момышұлы: “Ұлыма айтарым...”

- Ұрпақ тәрбиесі елу пайыз сенің мойынында. Ұлың өзіңнен озатын болсын! Қызың саған қарап серігін тауып бақытты болсын.
- Ердің аз міндеттерінің бірі отбасын асырау. Саған сенгендерге ешнәрседен таршылық көрсетпе.
- Барлық жақсы қасиеттің діңгегі әдептілік. Барлық жақсыны әдептің үстіне орнат.
- Кім қанша төмен түссе де, сен өзі биігіңде қал
- Мықты болсаң, әйелге барып дәлелде! Балаларыңның анасын бақытты етіп өт. Жарыңның саған риза болып өткені-ұлы мадақ.

РАХМЕТ!

Туенбаева Калима Толеубаевна

Директор библиотеки им.аль-Фараби



+ 7 (727) 377 33 33? 17-00

<http://elibrary.kaznu.kz/>